KAZAKHMYS PLC

6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

Company registered in England and Wales
Company Number: 5180783

2014 жылғы 17 ақпан

ҚАЗАҚМЫС ӨНДІРІСШІЛЕРДІҢ ЖАЛАҚАСЫН ӨСІРЕДІ

Қазақмыс Тобы 2014 жылдың 1 сәуірінен бастап өндірісте жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбекақыларын 10 пайызға өсіретіндігін хабарлайды. 2014 жылғы 14 ақпанда Үкіметтің кеңейтілген отырысының қорытындысы бойынша ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың үндеуіне орай осындай шешім қабылданды.

Қазақмыс соңғы жылдары өз қызметкерлерінің еңбекақыларын өсірген осы саладағы санаулы компаниялардың бірі. Мәселен, 2012 жылдың өзінде жұмысшылардың еңбекақысы орта есеппен 30 пайызға өсірілген. Осылай Қазақмыстағы өндірісшілердің еңбекақы деңгейі осы сала бойынша ең жоғарғы болып отыр.

«Теңге бағамының өзгеруі біздің қызметкерлеріміздің де алаңдаушылығын тудырды және біз қабылданған шешім олардың отбасыларына демеу болады деп сенеміз. Қазақстандағы кәсіпорындарымызда шамамен 55 000 адам жұмыс істейді. Олардың басым бөлігі тікелей өндірісте еңбек етеді және компания қашан да өндірісте жұмыс істейтін қызметкерлер үшін әділ жалақы төлеу саясатын ұстанады», - деп мәлімдеді Қазақмыс Тобының Басқарушы бас директоры Олег Новачук.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефондар бойынша хабарласыңыз:

Қазақмыс

Мария Бабкина	Корпоративтік байланыстар департаменті басшысының орынбасары, Лондон	**Тел: +44 20 7901 7849**
Айрин Бэртон	Қаржы талдаушысы, Лондон	**Тел: +44 20 7901 7814**
Мақсұт Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаментінің басшысы, Алматы	**Тел: +7 727 2440 353**

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақмыс - мыс, алтын, мырыш, күміс, электр энергиясын өндіруде елеулі активтері бар, табиғи ресурстарды өндіру және өңдеумен айналысатын халықаралық жетекші топ болып табылады.

Қазақмыс - Қазақстандағы ең ірі мыс өндіруші және әлемдегі алдыңғы қатарлы мыс өндірушілерді бірі. Қазақмыстың 16 кеніші, 8 тау-кен фабрикалары және екі мыс балқытушы өндірістік кешені бар, қазір олардың бірінде қайта құру жұмыстары жүргізілуде. Мыс өндірісі кен өндіруден бастап мыс катанкасын және катодты мыс түріндегі дайын өнім шығаруға дейін толықтай интеграцияланған. 2013 жылы меншікті кеннен 294 мың тонна катодты теңгерімдегі

мыс өндірілді. Бұл өндіріс электр энергиясының ішкі тасымалдарымен және ауқымды теміржол инфрақұрылымымен қамтамасыз етілген.

Kazakhmys Mining бөлімшесі басқа да металлдардың ауқымды көлемін, соның ішінде мырыш, күміс және алтын өндіреді. 2013 жылы Қазақмыс 134 мың тонна мырыш концентратын өндірді. Топ әлемдегі ең ірі деген күміс өндірушілердің бірі - 2013 жылы 14 млн. унция күміс өндірді.

Kazakhmys Power бөлімшесінің Kazakhmys Mining бөлімшесін электр энергиясымен қамтамасыз етіп отырған ішкі электр станциялары бар. Ішкі электр станцияларындағы таза өндірілім 2013 жылы 5 723 ГВт құрады.

Қазақмыс Тобының құнды қағаздары Лондон қор биржасында, Гонконг қор биржасында айналымда, сондай-ақ Қазақстан қор биржасында да саудаланып келеді. 2012 жылы Топтың ағымдағы қызметінен келген табысы 3,4 млрд. АҚШ долларын, ал Топтың EBITDA көрсеткіші 1,9 млрд. АҚШ долларын құрады. Топта шамамен 58 000 адам жұмыс істейді, басым бөлігі Қазақстан азаматтары. Қазақмыстың стратегиялық мақсаты – өндірістік активтерді оңтайландыру, өндірісті ұлғайту жөніндегі жобаларды іске асыру және де Орталық Азиядағы ауқымды табиғи ресурстарды игеру мүмкіншіліктерін кеңейтуге қатысу.